«6D030100-Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Болат Аюбаевич Калмурзаевтың «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік жүйесі аясында діни экстремизмге қарсы мемлекеттік-құқықтық іс-әрекет мәселелері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	«6D030100-Құқықтану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Болат Аюбаевич Калмурзаевтың «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік жүйесі аясында діни экстремизмге қарсы мемлекеттік-құқықтық іс-әрекет мәселелері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2018 – 2022 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаның мақсаттары мен міндеттеріне толық сәйкес келеді. «8D042 – Құқықтану» кадрларды даярлау бағытында «6D030100, 8D04202 – Құқықтану», «6D030200, 8D04201 – Халықаралық құқық» докторантурада дайындау бағыттары бойынша ізденуші Болат Аюбаевич Калмурзаевтың ұсынылып отырған жұмысы сәйкес келеді.

2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға **<u>елеулі үлесін қосады</u>**/қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u>/ашылмаған.	Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік жүйесі аясында діни экстремизмге қарсы мемлекеттік-құқықтық іс-әрекет мәселелеріне кешенді түрде талдау жасалынған, сонымен қатар теориялық-әдістемелік тұрғыдан пікірлер мен тұжырымдар жасалынған. Зерттеу жұмысы заң ғылымының теориялық негізін кеңейтуіне **елеулі үлесін қосады.**
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) **<u>жоғары;</u>** 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Диссертациялық жұмыс **жоғары** деңгейде жазылған. Зерттеу жұмысында ғылыми терминдер орынды қолданылған. Мазмұны түсінікті және сауатты баяндалған. Еңбек оқырманға оң әсер қалдырады.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) **<u>негізделген;</u>** 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыста келтірілген ғылыми нәтижелердің өзектілігі толық негізделген. Халықаралық тұрақтылық мәселелерінде діни экстремизмді алдына алу өте өзекті болып табылады. Зерттеу тақырыбы халықаралық деңгейде зерттелгенімен, әлі де толық ашылмаған сұрақтары жеткілікті. Автордың еңбегі осы сұрақтарға жауаптар ұсынуы зерттеудің құндылығын арттырып, тақырыптың өзектілігін жан-жақты **негіздей түседі**.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) **<u>айқындайды;</u>** 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Зерттеу тақырыбының мазмұны мен оның жоспары өзара үйлесімділігімен ерекшеленеді. Диссертацияны талдау барысында зерттеудің мазмұны тақырыпты жан-жақты әрі нақты **айқындайтыны** байқалды. Жұмыс өзара

			тығыз байланысты төрт негізгі бөлімге бөлінген. Әр бөлім зерттеу мақсаты мен міндеттерін ашуға бағытталған және біртұтас ғылыми құрылымды танытады.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) **сәйкес келеді;** 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына **сәйкес келеді.** Діни экстремистікке қарсы іс-қимыл бойынша халықаралық тәжірибе мен шет елдердің ұлттық заңнамасына салыстырмалы-құқықтық талдау жасау, сонымен қатар ұлттық заңнаманы жетілдіру мәселелерін құқықтық реттеу бойынша сараптама жасалып, жаңа ғылыми қорытындылар ұсынылған.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) **толық байланысқан;** 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Диссертацияның бөлімдері мен ережелері логикалық **толық байланысқан.** Зерттеудің барлық компоненттеріне ғылыми бірізділік пен жүйелілік тән.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) **сыни талдау бар;** 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Автор жұмыста тақырыпты тарихи тұрғыдан бастап, қазіргі кезеңде қолданылу деңгейіне дейін зерттеген. Сонымен қатар, отандық және шетелдік тәжірибелерді салыстырмалы талдай отырып, жаңа нәтижелер ұсынған. Автордың ұсынған шешімдері дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып, **сыни тұрғыдан бағаланған.**
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар **толығымен жаңа** болып табылады.

		1) **<u>толығымен жаңа;</u>**	Діни экстремистікке қарсы іс-қимыл жөніндегі ұлттық заңнаманың құқықтық-техникалық және құқықтық мазмұндық аспектілері және қылмыстық заңнаманың бекітілген, атап айтқанда, оның кейбір тұжырымдамалары мен баптары талданып, тиісті теориялық және практикалық ұсыныстар берілді.
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	Диссертацияның қорытындылары **толығымен жаңа** болып табылады.
		1) **<u>толығымен жаңа;</u>**	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа және негізделген.
		1) **толығымен жаңа;**	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	**<u>Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/</u>**негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Автор диссертацияда ұсынған барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген. Диссертациялық жұмысының мазмұнындағы тұжырымдарды толық сипаттайтын жалпы саны 16 еңбек, олардың қатарында комитет тізіміндегі міндетті журналдарда - 3 ғылыми мақала, халықаралық Scopus базасындағы шетел басылымында - 1 ғылыми мақала, халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция, ғылыми

			мақала, отандық өзге де басылымдарда - 14 ғылыми мақала жарық көрген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) **<u>дәлелденді;</u>** 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.	Диссертацияда қорғауға шығарылған негізгі төрт қағидаттар ұсынылады: **Нәтиже 1.** Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік күштері, террористікке қарсы орталық пен жергілікті комиссиялардың іс-шараларындағы олқылықтарды жою. Әсіресе сарапшылар тобын қалыптастыру жұмыстарын жандандыруды ұсынады. 7.1.1). Қорғауға ұсынылған қағидалар дәлелденген. 7.2.2). тривалды емес. 7.3.1). қағида жаңа. 7.4.3). қолдану деңгейі кең. 7.5.1). ғылыми мақалада дәлелденген. **Нәтиже 2.** Мемлекеттік органдардың, оның ішінде ішкі істер органдары қызметкерлерінің кәсіби деңгейін көтеру қажеттілігі де бар екендігін көрсете отырып, алдағы кезде аталған органдардың діни экстремистікке қарсы іс-қимыл бөлімшелерінің қызметін орта деңгейден жоғары деңгейге жеткізу керек деген ұсыныс берілді. 7.1.1). Қорғауға ұсынылған қағидалар дәлелденген.

		7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	7.2.2). тривалды емес. 7.3.1). қағида жаңа. 7.4.3). қолдану деңгейі кең. 7.5.1). ғылыми мақалада дәлелденген. **Нәтиже 3.** Әлеуметтік желілердегі экстремистік және террористік іс-әрекеттерге шақыру және оны насихаттау жұмыстарына қарсы іс-қимыл (әсіресе идеологиялық) негіздерін тиісті органдар қоғамдық институттармен өзара тығыз қызметті жандандыру қажет деген ұсыныс жасалды. 7.1.1). Қорғауға ұсынылған қағидалар дәлелденген. 7.2.2). тривалды емес. 7.3.1). қағида жаңа. 7.4.3). қолдану деңгейі кең. 7.5.1). ғылыми мақалада дәлелденген. **Нәтиже 4.** Сотқа дейінгі тергеу және сот жүйесінің діни экстремистікке қатысты жеке қылмыстық істерді тергеу және сот тәжірибесін әрі қарай дамыта беру керектігін және діни экстремизмнің алдын алу бойынша барлық мемлекеттік органдар мен қоғамдық институттардың өзара әрекеттесу кезіндегі бірлескен іс-шаралар өткізу, әсіресе діни экстремистік идеологияға қарсы идеологиялық негіздерді бірлескен қарсы іс-қимыл жоспарын жасап, тұрақты жұмыс жасау керек деген ұсыныс жасалды. 7.1.1). Қорғауға ұсынылған қағидалар дәлелденген.

			7.2.2). тривалды емес. 7.3.1). қағида жаңа. 7.4.3). қолдану деңгейі кең. 7.5.1). ғылыми мақалада дәлелденген.
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) **ия;** 2) жоқ.	**Ия.** Зерттеуде қолданылған әдістемелер негізделген және нақты сипатталған. Автор зерттеу нәтижелерінің объективтілігі мен сенімділігін қамтамасыз етудің негізгі факторы ретінде жүйелі және нақты көзқарасты ұсынады. Диссертацияның әдіснамалық негізі нормативтік-құқықтық талдауды, тарихи әдісті, салыстырмалы-құқықтық талдауды және сапалы зерттеу әдістерін кешенді түрде қолдануды қамтиды. Әдістеме сенімді әрі жүйелі түрде ұсынылған, бұл зерттеу нәтижелерінің дәлдігіне сенім артуға мүмкіндік береді және жұмыстың ғылыми құндылығын арттырады.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	**Ия.** Диссертациялық жұмыстың нәтижелері заманауи ғылыми зерттеу әдістерін, сондай-ақ деректерді өңдеу және түсіндірудің тиімді әдістерін қолдану арқылы алынған. Бұл әдіс зерттеу нәтижелерінің объективтілігі мен ғылыми құндылығын арттыруға мүмкіндік берді.
		1) **ия;** 2) жоқ.	

		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	**Ия.** Ұсынылған теориялық тұжырымдар, модельдер, анықталған қатынастар мен заңдылықтар эксперименттік зерттеу арқылы дәлелденіп, расталған. Ғылыми ережелер мен тұжырымдардың сенімділігі мен негізділігін қамтамасыз етеді. Сот тәжірибесін талдау барысында зерттеу нәтижелерінің объективтілігі мен қайталануын арттыру үшін сандық деректер статистикалық әдістер арқылы өңделіп, дәлдік қамтамасыз етілген. Бұл әдіс теориялық болжамдардың қосымша растығын бекітті және зерттеудің ғылыми құндылығын күшейтті.
		1) ия; 2) жоқ.	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **расталған** / ішінара расталған / расталмаған.	Ұсынылған мәліметтер нақты және сенімді дереккөздерге негізделіп, ғылыми әдебиеттерге жасалған сілтемелер арқылы **расталған.** Диссертациялық жұмыста пайдаланылған әдебиеттер тізімі зерттеу нәтижелерін қолдайтын және оның маңызды мәліметтерін дәлелдейтін сенімді ғылыми дереккөздерді қамтиды.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті**/жеткіліксіз.	Диссертацияда пайдаланылған әдебиеттер тізімі зерттеу тақырыбы бойынша жан-жақты әдеби шолу жасауға **жеткілікті.** Автор заманауи монографияларды, ғылыми журналдардағы мақалаларды, халықаралық құжаттар мен отандық нормативтік актілерді қоса алғанда, кең ауқымды дереккөздерге сүйене отырып, зерттеу тақырыбын терең түсінетінін

			көрсетті. Әдебиеттерді таңдаудағы тәсілдер зерттеудің өзектілігі мен әртүрлілігін айқындап, тақырыптың жан-жақтылығы мен күрделілігін қамтуға мүмкіндік берді. Ізденуші зерттеу тақырыбы бойынша ауқымды ғылыми шолу жасап, 132 дереккөзді пайдаланды. Зерттеуде классикалық еңбектер мен соңғы басылымдардың үйлесімділігі әдеби шолудың толықтығы мен өзектілігін қамтамасыз етті. Диссертациялық зерттеуде ғылыми әдебиеттер, оқулықтар және ғылыми мақалалар жеткілікті деңгейде қамтылған.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	**Бар.** Ұсынылған теориялық зерттеу жұмысы заң ғылымында, оның ішінде діни экстремистікке қарсы іс-қимыл бағыты бойынша маңызды үлес қосады деп айтуға болады.
		1) **бар;** 2) жоқ.	
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік жүйесі аясында діни экстремизмге қарсы мемлекеттік-құқықтық іс-әрекет мәселелері заңға тәуелді болғандықтан, құқықтық нормаларды әзірлеу саласында ерекше маңызға ие.
		1) **ия;** 2) жоқ.	
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	Диссертация ұсынылған практикалық ұсыныстар **толығымен жаңа.** Деректер осыған дейін қолданылмаған практикалық ұсыныстармен толықтырылған. Ұсыныстар құқық
		1) **толығымен жаңа;**	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

			саласында кеңінен қолданылуы қажет деп есептейміз.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) **<u>жоғары;</u>** 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу **жоғары** сапада жазылған. Диссертация тарауларының арасындағы логикалық байланысы, пікірлер дәлелді деректермен негізделген.
11.	Диссертацияға ескертулер		Мәтінде техникалық қателер кездеседі. Бұл келтірілген ескертпелер диссертацияның ғылыми құндылығын төмендетпейді.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Диссертация мақалалар сериясы нысанында емес, диссертациялық жұмыс негізінде қорғалады.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Дәрежелерді беру қағидалары» талаптарына толық сәйкес келеді. Осыған орай, Калмурзаев Болат Аюбаевичке «6D030100 – Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне ұсыныс жасауға болады деп санаймын.

Ресми рецензенттер пікірлерінде келесі шешімдердің бірін көрсетеді:

1. Философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру.

«6D030100 – Құқықтану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Болат Аюбаевич Калмурзаевтың «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік жүйесі аясында діни экстремизмге қарсы мемлекеттік-құқықтық іс-әрекет мәселелері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына оң пікірімді бере отырып, жұмыс қойылатын талаптарға сәйкес және философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Ресми рецензент:

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,

мемлекет және құқық теориясы мен тарихы,

конституциялық және әкімшілік құқық

кафедрасының профессоры, з.ғ.д. (Алматы, Қазақстан) **А.С. Ибраева**